вх 9684 от 31.12.24

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс, тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727 e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8, Дом Министерств, 5 подъезд, тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727 e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

N01-1-11/5545-И
30.12.2024

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтау басқармалары

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мынаны хабарлайды.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (*бұдан әрі – Заң)* 45-бабына сәйкес, 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 7-бабы 8-тармағы «Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда» деген сөздермен толықтырылды.

Заңның 45-бабы 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді *(Заңның 2-бабы).*

Аталған түзету 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап:

сақтандыру агенттеріне және сақтандыру брокерлеріне сақтандыру шарттарын жасауға байланысты қызметтерді ұсыну бойынша мемлекеттік сатып алуларға қатысуға мүмкіндік береді;

сақтандыру брокерлерінің пул Әкімшісі ретінде әрекет етуіне рұқсат береді. Қазіргі уақытта пул Әкімшісі ретінде «МОІ (МОЙ) сақтандыру брокері» ЖШС анықталған;

пул Әкімшісі – сақтандыру брокерімен медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін қосымша сақтандыру шартын жасауға мүмкіндік береді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру бойынша *(медициналық қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартын жасау)* шаралар қабылдау қажет.

Бірінші вице-министр **Т. Султанғазиев**